

Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 20/174 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 желтоқсанда № 2476 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 2024 жылғы 5 тамыздағы № 20/118 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Жезқазған қалалық мәслихатының 05.08.2024 № 20/118 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына сәйкес Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8-2-156 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 22 маусымдағы № 26 (7776) "Сарыарқа" газетінде және 2012 жылғы 22 маусымдағы № 25 (321) "Жезказганская правда" газетінде жарияланған), Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 17 тамыздағы IX сессиясының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 9/75 шешімімен өзгерістер енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 1929 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 41 (7791) "Сарыарқа" газетінде және 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 40 (336) "Жезказганская правда" газетінде жарияланған), Жезқазған қалалық мәслихатының 2013 жылғы 7 ақпандағы XII сессиясының "Жезқазған қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 мамырдағы № 6/51 "Жезқазған қаласының

тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" № 12/103 шешімімен өзгеріс пен толықтыру енгізілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2204 нөмірімен тіркелген, 2013 жылғы 22 наурыздағы № 11 (7815) "Сарыарқа" газетінде және 2013 жылғы 22 наурыздағы № 11 (360) "Жезказганская правда" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) 2 тармақтың 3 тармақшасындағы ";" тыныс белгісі "." тыныс белгісіне ауыстырылсын;

2) 2 тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын;

3) 2 тармақтың алтыншы абзацы келесі редакцияда жазылсын:

"Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады. Аталған жерлерде тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.";

4) 20 тармақтың 7-1) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім бірінші жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Сессия төрағы

Қалалық мәслихаттың хатшысы

С.В. Филипович

С.Т. Медебаев